



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ПОДСЕКЦИЯ 6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

УДК 821.161.1

### ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАГИЯЛЫҚ РЕАЛИЗМ СИПАТЫ (М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Асан Акерке Камашкекызы**

[Akzhauyn07@gmail.com](mailto:Акzhauyn07@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
филология факультетінің 1 курс докторанты  
Ғылыми жетекші – Нұрғали Қ.Р.

XIX және XX ғасырлар тоғысы дүниеге осы күнге дейін әдебиеттану ғылымында өзектілігін жоғалтпаған ерекше құбылыстарды әкелді. Өткенді ескіге балап, ертеңді болжауға ұмтылған өнер әлемінің толғанысы талай шығармалар тудырды. Солай әдеби сахнаның төрінде декаданс дәуірі орнады. Классикалық сюжеттерді мойындамайтын, ішкі мағынасынан гөрі сыртқы формасына ерекше мән беріп, жаңа ақиқатты қалайтын декаданс өкілдері өмірді өрнектеп тани бастады.

Декаданс – тек әдеби бағыт емес. Ол сонымен қатар адамзат арасында орнаған философия ғылымының, яғни ғаламды, ақиқатты тану ілімінің жаңа бір көңіл-күйі іспеттес құбылыс. Мұндай терең тебіреніс ізденісті күшейткені анық. Тіпті, Қазақ әдебиеттану тарихында бұл сипаттың ерекше орын алғаны соншалық «Зар заман ақындары» деген жеке әдеби дәуір дүниеге келді. Аталмыш заманға сай әдеби алаңда көркем мәтіннің жанрлық түрленуі ерекше көзге түсе бастайды. Символизм, авангард, сюрреализм, экспрессионизм сынды түрлі ағымдар модернизм бағытының әдебиеттегі ықпалын күшейте түсті. Поль Верлен, Артюр Рембо, М. Пруст, Ф.Кафка сынды есімдер әдебиеттанушылар мен сыншылардың назарынан түспеді. Осы орайда «декаданс» дәуірі «денессанс» жасаған үлкен мәдени төңкеріске айналды.

Аталмыш ағымдар мен бағыттың даму аясында XIX ғасырда беделі жоғары болған реализм бағыты түрлі түрленулерден өтті. Ақын-жазушылардың басымы лирикалық, философиялық прозаға, поэзияға назар аудара бастады. Әр халықтың ерекшелігіне байланысты фольклор, ескі наным-сенім мотивтері жаңаша баяндалды. Ф.Кафка («Превращение»), О.Уайльд («Портрет Дориана Грея»). Г.Г.Маркес («Сто лет одиночества») магиялық, мистикалық элементтерді батыл қолданды.

XX ғасырдың басынан жоғарыда айтып өткендей терең толғаныстарды басынан кешірген әдебиет қазақ даласында қандай сипатқа ие болды? XX ғасырдың басы қазақ әдебиеті үшін ерекше орын алады. Бұл кезең үшін ақын Абайдың ықпалы мықты болғаны анық. Абай Құнанбайұлы шығармашылығының өзі жеке кешенді құбылысқа айналды. Ақынның шығармашылығы аясында поэзия, проза, аударма, философия сынды түрлі бағыттар бірдей дамып, қазақ әдебиетінің кеңістігі кеңейе түсті. Одан кейінгі Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев және т.б. елеулі тұлғалар әдебиет пен ағартушылықтың тізгінін бірге ұстап, соның ішінде жаңашыл көзқарастарымен ерекшеленгенін білеміз.

Әсіресе, әдебиет әлемінде жаңашыл көзқарастарын батыл көрсете білген Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жаңа талқылауларды талап етеді деп ойлаймыз. Оның ішінде Мағжан ақын поэмаларының орны бөлек. Оған дейін әдеби классикалық поэманың функциясын қазақ даласында жыр-дастандар атқарған болса, Мағжан еуропашылдық көзқарас және ескінің жыр-дастандар стилін өзінше ұштастырып, біріншіден, қазақ әдебиетіне еуропалық поэмаларға тән жаңа леп, екіншіден, сол еуропа әдебиетіне қазақи

танымға сай жаңа мазмұн бере алды. Мәселен, «Қорқыт», «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» сынды поэмаларда қазақ жыр-дастандарына тән баяндау стилі анық байқалады. Бұл туралы кезінде әдебиеттанушы ғалым Рымғали Нұрғали былай деген еді: «...Ең бастысы ақын ықшамдық, сұлулық, философиялық талаптарды, бейнелілік, суреттілік шарттарын бірінші қатарға шығарды: «Қойлыбайдың қобызында» фантастикалық күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрнісі ғажап шебер бейнеленді; «Қорқытта» өмір мен өлім арпалысы, мәңгілік үшін күрес, өнердің өлмес тікке апарар киелі қасиеті жыр етіледі...» [1, с. 102]. Алайда мәтіннің нарративтік табиғатымен қоса, тақырыптық таңдау мен метафоралық толғау, риторикалық сауалға толы фабуланың құрылуынан ақынның жанрлық эволюцияға ұмтылғанын және дiттеген мақсатына жеткенiн байқауға болады.

Мәселен, жоғарыда атап өткен поэмалар халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әфсаналар негізінде құралған. Ерекше атап өтетініміз, автор тақырып пен сюжет таңдауында тылсымға толы магиялық элементтерге бай, мистикалық бояуы қанық әңгімелерге баса назар аударған. Өлімнен құтқарар жер іздеген Қорқыттың тебіренісі автордың ішкі ойларымен тұспа-тұс келіп, философиялық пайымдарға толы жолдардан көрінеді:

*Біраз күн адам тұрады, өмір сүреді,  
Құртқа жем, шіріп, сасып болмақ үшін.  
Сары суға қан берілген айналмаққа,  
Ой менен тіл берілген байланбаққа,  
Әлпештеп, ардақтаған денең шіріп,  
Желменен топырақ боп айдалмаққа.  
Көз ашып жұмғандай ақ өмір шолақ,  
Алдынды көз ашсаңақ ажал қамап.  
Өмірде мынау шолақ неге керек  
Отүміт, ойынкүлкі, таудай талап? [2, с. 221]*

Ақынның «ой менен тіл берілген байланбаққа»,- деген жолдары биографиялық шындықтарға сай келеді.

Өлімнің алдында дүниедегі жанды, жансыздардың ішінен Қорқытқа тек қобыз қорған болады:

*Ұйқысыз қосты Қорқыт таңды таңға.  
Бір күні шошып тұрып көргендей тұс,  
Кесіп ап қарағайдан қылды қобыз [2, с. 221].*

Автор қобызды суреттегенде мистикалық, магиялық элементтерді қолдану арқылы аспапқа жан бітіреді. Бұған дейін баяндауды алға қойған ақын қобызды сипаттауға ерекше тоқталады, және мұндай сипаттау арқылы оқырманға магиялық реализмнің суретін шебер жеткізе алады:

*Қыл тағып қобызына сөйлетіп ед,  
Алтайды күңірентіп шықты лебіз.  
Қобыздан мұңды дыбыс сорғалады,  
Майпаңдап ә дегенде жорғалады;  
Біресе асау тайдай ойнақ салды,  
Біресе сары нардай ырғалады.  
Дуылдап қырдан жерге түйілгендей,  
Долданып дауыл құмды үйіргендей,  
Басылып біраздан соң сылқсылқ күлед,  
Дұшпанын мұқатқанға сүйінгендей.  
Біресе жүйірік желдей кетеді есіп,*

*Асқарды аттап өтті, дария кешіп.  
Біресе әлдекімге тіл қатқандай,  
Желменен жапырақтай күбірлесіп [2, с. 221].*

Қобыз– ең көне аспаптардың бірі болып табылады. Қазақ халқының арасында қобызбен емдеу, қобыз арқылы түрлі жан-жануар, табиғат құбылыстарына еліктеу туралы мәліметтер ескірмеді. Басқа көне аспаптарға қарағанда қобыз мистикалық функцияларымен ерекшеленеді. Бұдан басқа М.Жұмабаев «Қойлыбайдың қобызы» поэмасында қобызға жан бітіреді.

«Қойлыбайдың қобызы» – қазақ даласында кеңінен тараған бақсылық институттың көркемдік көрінісі. Поэма халық арасында кеңінен тараған аңыз негізінде жазылған. «Қорқыт» поэмасында қобыз магиялық қасиеті арқылы жан-жағына ықпал ете алса, «Қойлыбайдың қобызында» аспапқа адамға тән қасиеттер берілген:

*...Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды  
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.  
Аузынан қанды көбік бұрқ-бұрқ етіп,  
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.  
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,  
Сарыны сар даланы күңіретті.  
Бір мезгіл екпіндетіп, долдандырып,  
Бір мезгіл жыны буып күбірлетті.  
Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,  
Қызыл жел құйындатып дүрілдетті.  
Жан-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,  
Шапқылап жын-перілер дүбірлетті.  
Осылай ойнап, сарнап бақсы жатты,  
Қалжырады, қап-қара терге батты [2, с. 230].*

Аталмыш поэмада Қойлыбай мен қобыз рухани тұтас бір құбылысқа айналып, реалистік және ирреалистік кеңістік бір арнаға тоғысады. Мағжан ақын мистикалық, магиялық құбылыстарды шынайы суреттеу арқылы космостық таным мен философиялық тұжырымдарын поэтикалық формаға сыйдырып, ойын көркем, жеңіл тілде жеткізген. Жалпы, мистикалық, магиялық құбылыстардың халық шығармашылығында көрініс беруі қазақ ауыз әдебиетінде ежелден бар. «Халық әдебиетінің табиғаты» атты зерттеуінде ғалым Сұлтанғали Садырбаев: «Байырғы қазақ халқы не түрлі заманды басынан кешірген... Сол кездің өзінде-ақ, біртіндеп дүниенің жұмбақ сырларына зерек санамен шолу жасаған... Бұл сұрақтардың жауабын халық көркем қара сөзбен, өлең сөзбен айтуға тырысқан» [3, с. 216].

«Қойлыбайдың қобызында» автор қазақ әдебиетінде форма мен мазмұнның жаңаша үндестігін тауып, жаңашылдығын көрсетті. Бұл құбылыс ақын шығармашылығының модернистік сипатын айқындай түседі. Кезінде Ж. Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» ғылыми мақаласында: «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөздеріндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне у себеді...» [4, с. 290]. Осы жердегі «жүректің қобызын шерте білуі» сөзі Мағжан магиялық сипаттағы («Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы») жырларына қатысты айтылғанын бірден аңғаруға болады.

Жұмабаев поэтикасындағы жанрлық синтездің тағы бір керемет үлгілері – «Шын ертегі» мен «Өтірік ертегі» поэмалары. Автор поэма деп мәтіндерінің жанрлық табиғатын анықтап жазған. Алайда тақырыпта фольклорлық жанрлардың ең танымалы – «ертегі» сөзін қолданады. Ал ішкі құрылымына назар аударсақ, бірден ертегі, поэма, элегия, мысал сынды түрлі жанрлардың синтезін байқаймыз:

*«Бұл Ширазым – сол Шираз,  
Гүл, бұлбұлға мол Шираз,  
Гүлі қызыл лағылдай.  
Гүлге қонған бұлбұлы,  
Бұлбұлының бал үні*

*Жазғы сұлу сағымдай», [2, с. 268]* -деп басталатын поэмада ертегі жанрының табиғатына сай сөз саптаулары көптен кездеседі:

*...Ерте, ерте, ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен.  
Сөз бастайын ертеден.  
Сөйтіп кеңес қозғайын,  
Бірақ сөзді созбайын,  
Қайырайын келтеден [2, с. 268].*

Поэмада мұндай иірімдерді қолдану ақынның форма жағынан жаңалыққа ұмтылысынан хабар береді. Сонымен қатар, ақын мәтіннің ішінде жұмбақ жанрының формаларын да еркін қолданған:

*Бір дегенім – білеу зой,  
Екі десем – егеу зой,  
Үш дегенім – үскі зой,  
Төрт дегенім – төсек қой,  
Бес дегенім – бесік қой,  
Алтыны – асық десіп қой.  
Жетім – желке емес пе,  
Сегізім – серке емес пе,  
Тоғызым – торқа болмай ма?  
Он дегенім – оймақ қой,  
Он бір қара жұмбақ қой.  
Жұмбағым, балалар, ұнай ма? [2, с. 268]*

Автордың бір мәтін аясында түрлі жанр әдістерін еркін қолдануы зерттеу алаңын кеңейте түсетіні анық. «Өтірік ертегі» поэмасының соңғы бөлімінде:

*...Ертегімнің айыбы:  
Кемі – өтірік, көбі шын.  
Жоламас ем азға да,  
Керек болды аз гана  
Өтірік қосу көп үшін.  
Бұл аздың да, оқушым,  
Қайта оқышы, бәрі шын.  
Шыны мынау – бұл мысал [2, с. 268].*

- деген үзіндісінде автордың оқырманмен тілдесуі берілген. Біріншіден автор өз ертегісін «мысал» деп атай отыра, тағы да бір жанрлық трансформацияға назар аудартады. Мағжанның замандастары арасында Ахмет Байтұрсынұлының И.А.Крыловтан аударған мысалдары танымал болды. Крыловты аударатын отырып, Байтұрсынов әр мысалдың соңында философиялық тұжырым, түсіндірмелік баяндауларды қосып отырғанын білеміз. Мағжанның оқырманмен ашық тілдесу әдісі Байтұрсынов мысалдарындағы жаңа жолдардың ықпалын сезінген сияқты.

Екіншіден, автор жоғарыда берілген жолдар арқылы шындық пен өтіріктің арасындағы шекараны бірде анық көрсетіп, бірде өшіріп отырғанын байқауға болады. Ақын үшін қиял

әлемі шындық негізінде туындағаны сөзсіз ақиқат. Және мұндай тұжырым оның шығармашылығында философиялық сипат алып, мазмұн мен формаға мықты ықпалын тигізген.

Әрине автор өмір сүрген заманына сәйкес мәтіннен әлеуметтік, саяси құрылымдарға қатысты пікірлерді анық көруге болады:

*Өлік көрсе молдалар,  
Сілекейі сорғалар [2, с. 268].*

Десек те, Мағжанның азаматтық позициясы қаншалықты мықты болса, таза өнерге, әдебиетке деген қызметі соншалықты күшті екенін елеп кеткен жөн. Дәл осылай «Ертегі» поэмасында М.Жұмабаев фольклорлық сарын, философиялық пайымдауларды, лирикалық кейіпкердің элегиялық толғауларын қолданады. Тарихи есімдермен бірге (Кенесары, Абылай) автор аңыз кейіпкерлерін (Жезтырнақ) бір кеңістікте бейнелейді.

Мағжан ақын поэма жанрының аясында лирикалық, мистикалық, магиялық, метафоралық элементтерді батыл және жаңаша қолдану арқылы жыр-дастандарды жаңғыртып, қазақ әдебиетіне модернистік дүниелер әкелді. Автор бағзыдан танымал ертегі мен аңыз-әфсана сюжеттеріне дем беру арқылы қазақ поэзиясындағы магиялық реализмнің белең алуына үлкен үлес қосты.

М.Жұмабаев шығармашылығындағы поэмалар көркемдігінің алар орны бөлек. Ақынның поэмалары уақыттың өлшеуімен өз өзектілігін үдете түсті. Рухани жаңғырудың басында тұрған Жұмабаевтың поэзиясы магиялық реализм, метамәтін, жанрлық синтез, жанрлық трансформация, тақырыптық талғам салаларының дамуына үлкен қызмет атқарғаны анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нұрғали Р. «Әуезов және Алаш», - Алматы «Санат», 1997.
2. Жұмабаев М. «Шығармалары» - Алматы «Жазушы», 1989.
3. Садырбаев С. «Халық әдебиетінің тарихи негіздері», - Алматы «Қазақ университеті», 1992.
4. «Бес арыс» естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар, - Алматы «Жалын», 1992.

УДК 821.161.1

### **ПОВЕСТЬ В.И. ДАЛЯ «БИКЕЙ И МАУЛЯНА»: ПОЭТИКА ЖАНРА**

**Бейсекеева Мадина Сарсекбековна**

[beisekeeva1996@mail.ru](mailto:beisekeeva1996@mail.ru)

Студент 4-го курса филологического факультета

ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Н.У. Исина

В истории русской литературы В.И. Даль занимает особое место. Медик по образованию, военный служащий, участник русско-турецкой войны, путешественник, этнограф, фольклорист, автор «Толкового словаря живого великорусского языка» еще при жизни получил известность писателя-публициста. Творчеству В.И. Даля посвящена книга Порудоминского В.И. [1]. Сведения о пребывании В.И. Даля в Казахстане и создании им произведений на казахские темы представлены в работе К.Ш. Кекреевой-Канафиевой [2].

В биографии В.И. Даля есть немало любопытных фактов, свидетельствующих о его дружеских связях и отношениях с современниками. К примеру, в 1833 году он сопровождал А.С. Пушкина во время поездки по Уралу. Вместе с ним ездил по местам пугачевского восстания. Рукописный текст одной из своих сказок великий поэт подарил ему с